# НҰРА

30 (5217) сенбі
23 шілде 2011 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады Аудандық қоғамдық саяси газеті


## Іске сәт!




**Еліміздің индустриялық нысандарына арналған Астанадағы телекөпірде Елбасына таныстырылған жаңа жобалар**

Еліміздің Индустрияландыру картасына құны 8,3 трлн.теңге тұратын 469 жоба енгізілген. Олардың құрылыс кезеңінде 141 мың пайдалану кезеңінде 166 мың жұмыс орны ашылатын болды.

Солардың ішінде 2010 жылы Индустриялэндыру картасының құны 800 млрд. теңге тұратын 152 жобасы пайдалануға берілді. Осының негізінде 23 мың тұрақты жаңа жұмыс орны құрылды.

Ал ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында құны 114 млрд. теңгені құрайтын 75 инвестициялық жоба іске қосылады. Бұл тағы да 6 мың тұрақты жұмыс орны ашылды деген сөз. Солардың ішінде 8 жоба тікелей телекөпір арқылы. Елбасына таныстырылды.

Төменде Елбасының батасымен Қарағанды облысы бойынша іске қосылған осы серпінді 8 жобаның өндірістік сипаттамасы мен әлеуметтік маңызы жөніндегі деректемелерді ұсынып отырмыз.

### Жылыжай орталығында

Жобаның атауы: 3 гектар аланды алатын жылыжай кешенінің құрылысы.
Жобаға өтініш беруші: "Green Technology" ЖШС
Сала: АӨК және ауыл шаруашылығы өндірісі
Өңір: Қарағанды облысы
Жобаның құны: 1042 млн. теңге
Қуаттылығы: 1700 тонна көкөніс
Жұмыс орындарының саны: құрылыс кезеңінде 50, пайдалану кезеңінде 50.

Жоба бойынша әлеуметтік-маңызды ақпарат
Қарағанды қаласында көкөніс өнімдерін жыл бойы өсіруге арналған 3 гектар аланды алатын заманауи жылыжай кешенінің құрылысы.
Өндіріс қуаттылығы:
Табиғи көріністе – жылына 1700 тонна.
Ақшалай көріністе – жылына 425 млн. теңге
Жобаланған қуаттылыққа шығу: 2012 жылы.
Жобаның басымдықтары:
- Әлемдегі озат технологиялар;
- Тасымалдауға деген шығындардың азаюына байланысты, өнімнің өзіндік құны төмен;
- Жас көкөністі жыл бойы жеткізіп тұру;
- Экологиялық тазалығымен ерекшелену.

## ПРОЕКТЫ КАРТЫ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА, ЗАПУЩЕННЫЕ В ПЕРВОМ ПОЛУГОДИИ 2011 ГОДА

**Мы на верном пути. И наша общая задача – сделать это движение необратимым. Выход всех введенных сегодня производств на проектную мощность окажет огромное влияние на экономику страны и социальное самочувствие наших граждан.**

**Нурсултан НАЗАРБАЕВ,**
**Президент Казахстана.**

**Индустриализация – это дело не только Правительства и предпринимателей, а дело каждого гражданина, потому что это шанс для Казахстана двигаться вперед.**

**Карим МАСИМОВ,**
**Премьер-Министр Казахстана.**

### КАРАГАНДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ

Наименование проекта Отрасль Объем инвестиций, млн.тенге

Строительство тепличного комплекса на 3 га АПК и сельхозпереработка 1042

Организация производства светодиодных светильников машиностроение 350

Производство бетонных железнодорожных шпал Стройиндустрия и деревообрабатывающая промышленность 1081

Организация производства металлических гофрированных конструкций Горно-металлургическая промышленность 220

Расширение производства по выпуску профилированного листа Горно-металлургическая промышленность 331

Строительство завода по производству фракционированного кубовидного щебня Стройиндустрия и деревообрабатывающая промышленность 672

Производство новых строительных материалов Стройиндустрия и деревообрабатывающая промышленность 234

Организация производства одноразовой продукции для медицинских учреждений Фармацевтическая промышленность 58

Организация производства резиновых и пластмассовых изделий для упаковки товаров Химическая промышленность 150

## АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!

**«Үстіміздегі жылы біз зейнетақылар мен стипендиялар көлемін, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақыларын 30 пайызға өсіреміз»**

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан.**




Елбасы уәдесінде тұрды. Үстіміздегі жылдың 1 шілдесінен бастап, яғни бүгінгі күннен бастап бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға өсті. Әлемнің көптеген елдерінде дағдарыс салқыны әлі де қатты сезіліп, соның салдарынан бюджеттік шараларға бөлінетін мемлекет қаржысы шектеліп, халқы ереуілдетіп жатқан тұста Қазақстан халқының мемлекет қамқорлығындағы бөлігіне бөлінетін шығын көлемін жүйелі түрде арттыра түсуде. Бұл Қазақстан экономикасының жылдан жылға қуаттанып, әлеуетінің арта түскендігінің белгісі.

Осы шараға байланысты редакциямызға бюджеттік сала қызметкерлерінің алғысқа толы хаттары келіп түсуде. Солардың бірін жариялап отырмыз.

- Жалақының жоғарылауы – мемлекет тұрақтылығының белгісі. Бұл тұтастай алғанда Қазақстан экономикасының қарышты қарқынымен дамып келе жатқанын айғақтаса керек. Біздер, бюджеттік қызметкерлер үшін айлығымыздың шайлығымызға ғана емес, өзге де қажеттіліктерге жетуі өте маңызды. Өз басым бюджеттік мамандардың мұхтаждықтарын қанаттандыруда Үкімет тиімді жұмыс атқарып жатыр деп ойлаймын. Оның үстіне елімізде әлеуметтік салаға бағытталатын әр-түрлі іс-шаралар да жемісті жүзеге асып келеді. Халықтың мүддесін қорғау мен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде мұндай игі бастамалардың маңыздылығы зор.

**Сара Мұстафина,**
**кітапханашы**

**2011 жылдың 1 тамызы – қасиетті Рамазан айының бірінші (1) күні**
**Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын!**
**Жарылқаушы айда жұртқа жеңілдік жасайық**
**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, бас мүфти, Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің министрліктер мен түрлі салық мекемелер жетекшілеріне, облыс, қала, аудан басшыларына, кәсіпкерлер мен ел халқына қасиетті Рамазан айына қатысты**
**ҮНДЕУІ**

Құрметті мұсылмандар, отандастар! Биыл – сүйікті Отанымыз үшін ерекше жыл. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы. Дәл осы айтулы кезеңде егемен еліміз Ислам Ынтымақтастық Ұйымының тізгінін қолға алып, қазақтың байтақ даласының шежіре-тарихы Исламмен біте қайнасып жатқандығын дүйім жұртқа паш етуде.

Тәуелсіздігімізді алғалы бергі аз ғана мерзім ішінде еліміз аяғынан тік тұрып, қарқынды даму жолына түсті. Алла тағаланың мейірім-рахымы түсіп, Қазақстан жұрты мерейлі 20 жылдығын әлем алдында абыроймен, толағай табыс және береке-бірлік, ынтымақпен қарсы алып отыр. Небәрі 20 жылда ғасырға татарлық орасан зор істер атқарылды. Халықаралық мәртебелі ұйымдарға төрағалық етті. Мұның қай-қайсысы да елім, жерім, халқым деген әрбір отандасымыздың мақтаныш сезімі мен қуанышын тасытары сөзсіз. Бұл табыстарда кеңпейіл де жомарт халқымыздың бейбітшіліксүйгіш дархандылығыныҒ үлесі мол деп тілемін. Алла тағаладан еліміздің одан әрі биік белестерге көтеріле беруін тілеймін.

Мүмкіндігі бар отандастарымды осынау қасиетті де, берекеге толы айда Алла разылығы үшін игі істерді мейлінше көбірек жасауға шақырамын. Жыл сайын Рамазан айы келуімен дүкендер мен базарларда азық-түлік бағаларының күрт қымбаттап кететінін көріп жүріп. Бұл, әрине, халықтың орынды наразылығын туғызды. Мүбәрак айда кәсіпкер мұсылман бауырларымды Жасаған Иеміздің мейірімін тілеп, азық-түліктің, қонақ үйлер мен қоғамдық қызметтердің бағасын 10 пайызға жеңілдетуге шақырамын. Қоғамдық көліктерде жүру ақысы, коммуналдық төлемақылар және телекоммуникациялық байланыс тарифтері де осылай төмендетілсе дейміз.

Жұртымыз қасиетті айда Алла тағаланың ашуы мен қаһарын тудыруға себепші арақ-шараптан, шариғатымыз тыйым салған басқа да харам іс-әрекеттерден аулақ болса деген тілегім бар. Мейрамханалар мен жиын-тойларда ішкіліктің ешбір түрі ішілмесе, дүкендерде сатылмаса. Себебі, ардақты Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың құдси хадисінде Алла тағала ішімдік ішкенді, ішкізгенді, сатқанды, сатып алғанда, сондай-ақ оны жасап шығарғанды лағынеттеген.

Қасиетті Құран Кәрімде: «Әй, иман келтіргендер! Арақ ішу, құмар ойнау, пұттарға табыну және бал ашатын оқтар – ластық, шайтанның істері. Мұратқа жетем десеңдер олардан аулақ болыңдар», делінген («Маида» сүресі, 90-91 аят).

Бұл үндеу барша адамзат баласына мол ризық беруші Алла тағаланың разылығына біздің жұртымыз мұнан әрі қарай да бөленіп, сауабына ие бола берсе деген ізгі мақсаттан туып отыр.

Сауапты амалдар жасаудың сәтін қолдан шығарып алмайық, ағайын!




*"Бір ел, бір Отан - тәуелсіз Қазақстан"*

«Нұр Отан» ХДП-ның аудандық филиалында облыстық мәслихат депутаты, облыстық мәслихат хатшысы Бейсембай Жұмабековтың, "Нұр Отан" ХДПның аудандық филиалы терағасының бірінші орынбасары Д.Баяновтың қатысуымен "Бір ел, бір Отан - тәуелсіз Қазақстан"тақырыбында дөңгелек стол өтті.

Оған партия белсенділері және әр саладағы "Дипломмен ауылға" бағдарламасы бойынша ауданға келіп, жұмыс істеп жатқан жас мамандар қатысты.

## ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Деңгелек стол тақырыбы «Дипломмен ауылға» бағдарламасының аудан аумағында жүзеге асырылу барысы . Ең алдымен сөз бастаған облыстық мәслихат депутаты, облыстық мәслихат хатшысы Бейсембай Қуанышұлы Жұмабеков Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауына тоқтап, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына ерекше мән бере келе былай деді:
- Осы аралықта жас мемлекетіміздің өткен жолымен қол жеткізген табыстары Елбасының қажырлы еңбегі мен сарабдал саясатының нәтижесі. Еліміз еңсесін кетергелі бері талай тұғырлы бастамалар, тұшымды идеялардың жүзеге асып жатқаны жасырын емес. Оны сезіп те, сезініп те жүрміз. Осындай ойды сергітіп, көңілді көкке жетелейтін жобалардың бірі «Дипломмен ауылға» бастамасы деп айтар едім. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы да Елбасы инициативасымен дүниеге келді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұйытқы болуымен, «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанаты бастаған, Ауыл жастар одағы, Қазақстан Студенттер альянсы сынды жастар ұйымдарының қызу қолдауымен бастау алған жобаны жастардың кекейінде кептелген жұмыссыздық пен құлсыздыққа құрық салатын қарымды қадам деуге толық негіз бар. Еліміздің экономикасында басым бағытқа ие болып отырған агроенеркәсіп саласына қомақты қаржылар бөлініп жатқанда, ауылға сол қаржыны әкелетін, игеретін, ұқсататын, жетістікке бастайтын мамандарды ауылдан тәрбиелеу арқылы жергілікті жердің еңбек рыногында тұрақтылық қалыптастыруға жол ашылады. Ауыл-аймаққа қажетті мамандықтарға деген бәсекелестікті арттыру сапалы қызмет пен өміршең жетістіктерге алып келеді. Ал жетістіктің тұрақты даму кепілі екені белгілі. Бағдарламаның негізгі мақсаты ауылдық елді мекендерге әлеуметтік сала қызметкерлерінің келуіне қолдау көрсету, ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін нығайту, олардың білім деңгейі мен мәдениетін көтеру және қазіргі күні қала мен ауыл арасындағы қалыптасқан түрлі айырмашылықтарды жоюға ықпал ету болып табылады,- деді Бейсембай Қуанышұлы.

Ауыл өркендесе, еліміз көркейеді. Бұл мемлекеттің жастарға беріп отырған үлкен мүмкіндігі, ертең жоба өз нәтижесін берген уақытта аға буынның жастарға деген кезқарасының өзгеретіні, құрметпен қарайтыны анық.

Бұл жастар қауымының еліміз еркіндік алғалы бергі елді дамытуды көздеген алғашқы қарқынжды қадамы болмақ. Елі сенген, халқы қолдаған қадам! Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында жастардың ойып тұрып орын алуға тамаша мүмкіндігі туды.

Бүгінгі таңда бұл бағдарлама өзінің оң нәтижесін беруде. Нұра ауданында бұл бағдарлама жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бұл, әрине, жергілікті атқарушы биліктің арқасында қол жеткен жетістік. Ауданға жас кәсіби мамандарды тартуда аудан әкімі С.Шайдаров үнемі назарында ұстауда. Ауданға келген жас мамандар бірінші кезекте тұрғын үймен қамтылып, мамандықтары бойынша жұмыс алған. Кейінгі 3 жылда ауданға 200-ден астам жас маман келген, оның дені білім беру саласында, мәдениет және денсаулық сақтау саласында .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мелшерін және Ережесін бекіту туралы» №183 қаулысына және аудандық Мәслихатының 2009 жылғы 3 қыркүйектегі «2009 жылғы ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы ұсыну туралы» №212 шешіміне сәйкес 2009-2010 оқу жылына Нұра ауданының білім беру бөлімінде 65 маман келсе, 2010 жылда 14, ал 2011 жылдың осы аралығында 22 маман келген. Олардың бәрі де мезгілімен 70 АЕК көлемінде бір жолғы жәрдемақы алған, ал 14 маман баспана алу үшін 15 жыл мерзімге арналған 630 АЕК (801 990 теңге) көлемінде бюджеттік несие алды. Несиенің сыйақы мөлшері бар болғаны 0,01 пайыз ғана. Яғни, пайызсыз несие деуге де болады. Үшіншіден, ауылды жерлердегі республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік саладағы мекеме қызметкерлерінің жалақысына 25 пайыздан кем болмайтын үстеме қосылатын болады. Міне, ауылды жерге келген жас мамандарға және ауылды жердегі республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік мекеме қызметкерлеріне осындай көмектер керсетілуде.

Одан соң сез алған жас маман, жоғары білімді дәрігер В.Омельченко жергілікті атқарушы билікке деген жүрекжарды сезімін жеткізді:
- Мамандығым бойынша жұмыс алдым, 18 пәтерлі үйден екі бөлмелі пәтер берілді, барлық жағдай жасалған. Жалақы өсуде. Жас кәсіби мамандардың келуі тұрғындарға керсетілетін медициналық қызмет сапасын арттырары да сөзсіз. Біз күннен күнге тәжірибемізді жинақтап білімімізді де тереңдете түсеміз.

Дөңгелек үстелге қатысушылар бір ауыздан бұл бағдарламаның ауданда жүйелі түрде жүзеге асып отырғанын және өның аудан экономикасын көтеруге ықпал етерін бір ауыздан құптады.

Бас қосу барысында сондай-ақ жас мамандар ауылдық елді мекендерде, ең кемінде 5 жыл еңбек етіп, үкіметтің оларға жасап отырған қамқорлығын ақтау керек екендігі жайлы да сөз болды.

**Бикен АХМЕТОВА**

## Нұра аудандық сотының баспасөз мәслихаты

**2011 жылдың 18 шілдесінде Нұра аудандық сотында «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот іс жүргізу тәртіптерін жетілдіру мәселесі» атты тақырыпта және Нұра аудандық сотының 2011 жылдың алты айының жұмыс қорытындысы бойынша баспасөз мәслихаты өткізілді. Оған Нұра аудандық сотының төрағасы Жұмағұл Шөженов, соттың судьялары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Мәслихат кезінде сот төрағасы күн тәртібіндегі тақырыпқа байланысты баяндама жасады.**

Сот төрағасы 2009 жылы Президенттің Жарлығымен 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді және бұл жоспар-құжатта халықтың сот қызметі туралы ақпаратқа барынша қол жеткізуін ұсыну арқылы сот жүйесінің ашықтығы мен айқындығы деңгейін арттыру қажет екені керсетілгендігін айтып өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауында құқық қорғау және сот жүйесінде түбегейлі реформа жасау керектігін баса көрсеткен болатын. Бұған дейін еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласы кептеген реформаларды бастан өткергені белгілі. Ал құқық қорғау саласында ауқымды реформа жүргізілген жоқ. Сондықтан бұл салаға реформа жүргізудің мәні зор. Бізді құқықтық жүйесі жоғары деңгейде дамыған елдер қоршап жатыр. Кершілерімізбен тереземіз тең дәрежеде байланыс орнату үшін құқықтық саланы заман кешінен қалдырмай дамытуымыз керек. Соңғы он жылда қай орган қандай қылмысты ашуға қабілетті екенін анықтап алдық. Сондықтан, құқықтық салаға батыл реформалаудан қашпауымыздың керектігін баса айтты.

Бұл құжатта еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуына, зайырлы және құқықтық мемлекет құру жолындағы жаңаша, жемісті қадамдардың бірі деп бағалаймыз деді.

Жарлықтың негізінде жүргізілген қайта құрулар мемлекеттік органдар арасында қызметтерінің қайталануын болдырмауға және олардың қызметтерін нақты белгілеуге, нәтижесінде, ең алдымен азаматтардың құқықтары және заңды мүдде-лерін қорғауға, олардың мемлекеттік билік органдарына сенімін арттыруға бағыт-талдандығы күмәнсіз жоқ деп тұжырымдады.

Сот терағасы Нұра аудандық сотының 2011 жылдың алты айының жұмыс қорытындысын баяндап берді.

### Қарағанды облысы Нұра аудандық сотының 2011 жылдың 1 тоқсанында атқарылған жұмысы туралы қорытындысы және қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сот жүзеге асыру жөніндегі 2010 жылдың осындай мерзімімен салыстырғандағы аналитикалық АНЫҚТАМАСЫ

I. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР

Статистикалық деректерге сәйкес

| Судья | Үкім шығарумен 2010 іс/тұлға | 2011 іс/тұлға | Барлығы аяқталған 2010 іс/тұлға | 2011 іс/тұлға |
|---|---|---|---|---|
| Шеженов Ж.Н. | 1/1 | 2/2 | 6/6 | 21/23 |
| Жупенов С.Е. | 23/29 | 10/16 | 53/68 | 32/46 |
| Михибаев А.Т. | | | | 1/1 |
| Барлығы: | 24/30 | 12/18 | 59/76 | 54/70 |

Сет төрелігін жүзеге асырылуының сапасы.
2011 жылдың 1 тоқсанында 7 тұлғаға қатысты 3 қылмыстық іс апелляциялық сатыда қаралды.
Биылғы жылғы ізгілік занының жарық көруіне сәйкес, 3 тұлғаға қатысты 1 қылмыстық іс бойынша бірінші сатылы соттың үкімі бұзылып, апелляциялық алқасының қаулысына сәйкес қылмыстық іс толығымен қысқартылды.
4 тұлғаға қатысты 2 қылмыстық іс бойынша үкім өзгеріссіз қалдырылды.
2010 жылдың дәлі осындай мерзімінде 5 тұлғаға қатысты 5 қылмыстық іс апелляциялық сатыда қаралып, 4 қылмыстық іс бойынша сот актілері өзгеріссіз қалдырылды. 1 тұлғаға қатысты 1 қылмыстық іс бойынша үкім бұзылып, іс жаңадан қарауға бірінші сатылы сотқа жолданды.
Сот қарауының мерзімінің бұзылуымен қаралған істер жоқ.
Бұлтартпау шарасын қолдану женіндегі материалдар.
2011 жылдың 1 тоқсанында қамауға алу бұлтарпау шарасын қодану жөніндегі 2 материал және қамада ұстау мерзімін ұзарту жөніндегі 1 материал қаралды.
2010 жылдың осындау мерзімінде қамауға алу бұлтарпау шарасын қодану жөніндегі 10 материал және қамада ұстау мерзімін ұзарту женіндегі 1 материал қаралды.

II. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР

| Судьялар | с/бұйрықтары 2011 | 2010 | Шешімдер 2011 | 2010 | Аяқталған істер 2011 | 2010 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Шеженов Ж.Н. | 34 | | 39 | 10 | 83 | 14 |
| Баранова Л.И. | | 9 | | 52 | | 95 |
| Жүпенов С.Е. | - | - | - | - | - | - |
| Михибаев А.Т. | 24 | 7 | 45 | 38 | 93 | 66 |
| Барлығы: | 58 | 17 | 84 | 100 | 176 | 175 |

Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, былтырғы жыл мен биылғы жылдың негізгі керсеткіштері бір деңгейде сақталып отыр. Яғни, сот өндірісінде болған істердің саны және аяқталған істердің саны шамалы айырмашылықпен бір шамада қалып отыр.
Сөт төрелігін жүзеге асырылуының сапасы.
2011 жылдың 6 айында апелляциялық сатыда азматтық істер қаралған жоқ.
2010 жылдың 6 айында апелляциялық сатыда 2 азаматтық іс қаралып, сот актілері өзгеріссіз қалдырылды.
Сот қарауының мерзімінің бұзылуымен қаралған істер жоқ.

III ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР

| | 2011 жылдың 2 тоқсаны | | 2010 жылдың 2 тоқсаны |
|---|---|---|---|
| Шөженов | 68 | Шөженов | 53 |
| Жүпенов | 100 | Жупенов | 121 |
| Михибаев | 55 | Михибаев | 18 |
| | Баранова | 12 | |
| Барлығы: | 223 | Барлығы: | 204 |

Сот қарауының мерзімінің бұзылуымен қаралған істер жоқ.
2010 жылдың 6 айында 3 әкімшілік іс қаралып, сот актілері өзгеріссіз қалдырылды.
2011 жылдың 6 айында апелляциялық сатыда 1 әкімшілік іс қаралып, сот актісі бұзылды.
Барлық істер мен материалдар бойынша судьялардың жүктемесі келесідей болды:
1. талап арыздар -212
2. азаматтық істер бойынша материалдар – 36
3. қылмыстық істер – 52
4. қылмыстық істер бойынша материалдар – 27
5. әкімшілік істер – 248

Сот терағасы Ж.Н. Шеженов – 181 (31,6 %)
Судья Жүпенов С.Е. - 174 (30,4 %)
Судья Михибаев А.Т. - 217 (38 %)
БАҚ-мен езара әрекет жасау жұмысы.
2011 жылдың 6 айында әртүрлі БАҚ-на 11 мақала жарық көрді, соның ішінде Республикалық БАҚ-да сот төрағасының сот жүйесінің реформасы, өзекті мәселе-лері жөніндегі 4 рет және 1 рет облыстық газетте сұхбат берілді. 11 мақаланың 8 мақаласын сот терағасы дайындады.
Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарына арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына қатысты 1 баспасез мәслихаты, 1 семинар – кеңес, 2 дөнгелек үстел өткізілді. Қарой елді мекенінде ашық есік күні етті.
Сонымен қатар, сот төарасы мен судьялар БАҚ өкілдерінің әр түрлі тақырыпқа байланысты қойған сұрақтарына жауап қайтарылды.

**Ж. ШӨЖЕНОВ,**
Нұра аудандық сотының төрағасы

# Занятость устойчивая и продуктивная




На помощь Правительства в «трудовом» вопросе могут рассчитывать соискатели, работодатели и предприниматели

Появление новой стратегии занятости в Казахстане анонсировал Глава государства в Послании народу «Построим будущее вместе!». Программа, пришедшая на смену весьма успешной «дорожной карте», в соответствии с поручением Президента была оперативно разработана Правительством, рассчитана до 2020 года и нацелена на «решение каждодневных проблем миллионов простых людей страны».

Если «карта» фокусировалась на «временных» вакансиях и помогла высвобожденным гражданам «пережить» кризис, то новый план выгодно отличается постоянством предложений. К тому же спрос на них легко найдется благодаря единой системе рынка труда.

**Сейчас золотая пора для того, чтобы открывать новый бизнес. Все индустриальные проекты будут вокруг себя развивать малые и средние предприятия. Поэтому по всей республике, особенно акимам, министерствам, надо активней разъяснять людям, чтобы возникали новые бизнес-объекты и люди были заняты.**

Нурсултан Назарбаев,
Президент Казахстана

В качестве одной из мер борьбы с последствиями мирового финансово-экономического кризиса ( и предотвращения его «углубленного» влияния) в Казахстане впервые была разработана программа, включавшая методы предупреждения массового высвобождения работников, содействия занятости и социальной защиты безработных, - Стратегия региональной занятости, или «дорожная карта»

На ее финансирование было направлено 191,5 млрд. тенге в 2009 году и 145 млрд. – в 2010-м.

За два года реализовано 8789 проектов, на которых создано 389 тыс. рабочих мест.

Если же кто-то предпочитает наемному труду собственное дело, то и это желание поддерживается: представители власти обещают не только помочь в поиске ниш на рынке и идей для их заполнения, а также составления бизнес-планов, но и предоставляют бесплатные месячные курсы по основам предпринимательского дела.

Конечно, не обошлось и без столь нужного упрощенного финансирования проектов. Микрокредиты в сумме до 3 млн. тенге станут выдаваться под минимальные проценты (с отсрочкой их уплаты до 18 месяцев) на срок до 5 лет.

- Сейчас золотая пора для того, чтобы открывать новый бизнес. Все индустриальные проекты будут вокруг себя развивать малые и средние предприятия. Поэтому по всей республике, особенно акимам, министерствам, надо разъяснять людям, чтобы возникали новые бизнес-объекты и люди были заняты,- подчеркнул Глава государства Нурсултан Назарбаев в недавнем выступлении на выставке-форуме «Сильный Казахстан построим вместе!».

Программа занятости поистине открывает «новые горизонты» благодаря направлению «повышение мобильности трудовых ресурсов», на реализацию которого в 2011-м из бюджета выделено 18,2 млрд. тенге.

«Мобильность» подразумевает переезд людей из «депрессивных» аулов в прогрессивные, туда, где есть работа, требуются трудовые ресурсы. (Минсельхоз совместно с Министерством экономического развития и торговли уже разработал проект методики отнесения сел к населенным пунктам с низким экономическим потенциалом.)

Естественно, «подъемные» включены: на новом месте внутренним «мигрантам» акиматами будет предоставлено арендное жилье с возможностью последующего выкупа в течение 15 лет или даже на пятый год проживания. Уже ведется разработка типовых проектов для строительства индивидуальных и 40-, 60-и 100-квартирных жилых домов, в регионах определены места застройки служебных жилищ, готовятся необходимые конкурсные процедуры по определению застройщиков. Дополнительные нормы введены в закон о жилищных отношениях…

К потенциальным переселенцам, однако, предъявляются строгие требования: совокупный семейный доход не должен превышать размера прожиточного минимума на каждого члена семьи. Таким образом, они смогут претендовать не только на новый дом, но и на субсидии: если переезд осуществляется внутри района, то речь идет о 10 МРП на главу семьи и по 5 – на каждого ее члена (1 МРП – 1512 тенге). А если вы решили перебраться в другой район в пределах области, то размер выплат увеличивается до 25 и 10 МРП соответственно.

Не стоит забывать и о том, что, воспользовавшись преимуществами третьего направления «Занятость – 2020», любой новосел может подавать заявку на участие и в первом, и во втором направлении.

Правительство приняло решение сформировать общенациональную базу данных текущих и прогнозируемых рабочих мест. В настоящее время совершенствует появившаяся в прошлом году Единая информационная система социально-трудовой сферы. На основе автоматизированной ИС «Рынок труда» создается подсистема «Занятость», которая адаптирована к новым механизмам, предлагаемым в программе. Эта ИС позволит обеспечить регистрацию и учет участников (от получения первой консультации до заключения социального контракта), осуществлять контроль над ходом мер государственной поддержки, а также функционирование базы данных в режиме реального времени.

**По материалам республиканских газет**

**Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты әкімшілік мемлекеттік лауазымдарының бос орындарына орналасуға конкурс жариялайды.**

Үміткерлерге қойылатын жалпы біліктілік талаптар:
Е-G-3 санаты үшін: білімі - жоғары кәсіптік. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

| Санат | Қызмет өткерген жылдарына байланысты жалақысы (теңге) | |
|---|---|---|
| | Бастап | дейін |
| Е-G-3 | 56813 | 72391 |

Мекен-жайы: 100900 Нұра ауданы Киевка кенті К.Мынбаев көшесі, 44 үй.
Анықтама телефондары: 22561, 22491, факс 21721.
1.Талдысай ауылы әкімі аппаратының бас маманы - (Е-G-3 санаты, №1-1, 1 бірлік,).
Функционалдық міндеттері:
-аппаратта кеңсе ісін жүргізуді қамтамасыз етеді, құжаттарды қабылдап жөнелтеді, азаматтардың өтініштерін, хаттарының қаралуын ұйымдастырады, аудан әкімінің және оның оынбасарларының шешімдерін,екімдерінің орындалуын жүзеге асырады, азаматтардың хал актілерін тіркейді, нотариалдық қызмет көрсетеді
Үміткерлерге қойылатын талаптар:
Білімі - әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша немесе гуманитарлық, заңгерлік, экономикалық..
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-езі басқару туралы» , «Әкімшілік рәсімдер туралы», « Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы», « Нотариат туралы», «Нормативтік құқықтық актілері туралы», «Неке және отбасы туралы», ««Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын білу.
«Word», «Excel» бағдарламалармен компьютерде жұмыс істеу білу керек.
Осы санаттардың лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерінің орындалуы үшін қажетті басқа да білімдер білу керек.
2.Ақмешіт ауылы әкімі аппаратының ветеринария жеңіндегі бас маманы (ЕG-3 санаты, № 1-2. 1 бірлік).
Функционалдық міндеттері:
Елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау; елді мекендер аумақтарын санитариялық тазалауды ұйымдастыру; ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын жүргізу; ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын жүргізу; ветеринариялық есеп пен есептілікті жүргізу және оларды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ауданның жергілікті атқарушы органына табыс ету; тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы шешімдер қабылдау; ауданның жергілікті атқарушы органына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар бойынша ұсыныстар енгізу; тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды өткізу; ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері туралы ережені бекіту; жануарға арналған ветеринариялық паспорт беру; тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қолданылатын ветеринариялық анықтаманы беру; жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.
Үміткерлерге қойылатын талаптар:
Білімі - ветеринариялық немесе ветеринариялық медицина мамандығы бойынша.
Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Нормативтік құқықтық актілері туралы», «Ветеринария туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын білу.
«Word», «Excel» бағдарламалармен компьютерде жұмыс істеу білу керек.
Осы санаттардың лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерінің орындалуы үшін қажетті басқа да білімдер білу керек.
Конкурс республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында («Егемен Қазақстан» 22.06.2001ж., еңгізілген қосымшалар мен езгерістермен 29.06.05ж, «Казахстанская правда» 23.05.2001ж.,еңгізілген езгерістер мен қосымшалар 30.06.05ж газеттерінде) және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігінің www.kyzmet.kz сайтында жарияланған әкімшілік мемлекеттік қызметтің бос орындарына орналасуға конкурс өткізу ережелеріне сәйкес өткізіледі.
Үміткерлерді тестілеуден өткізу құжаттарды қабылдау мерзімі біткен соң 5 жұмыс күннің ішінде белгіленген тәртіппен Қарағанды қаласы Бейбітшілік Бульвары, 39 мекен-жайындағы дистанциялық тестілеудің аймақтық орталығында өтеді.
Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткерлерге арналған ЕG-3 санаты үшін тестілеу бағдарламасы:
1. Мемлекеттік тілді білуге арналған тестіні.
2. Қазақстан Республикасының Заңнамаларын білуге арналған тестілерді:
Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) қамтиды.
Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер аталмыш конкурс бойынша тестілеу еткен соң Нұра ауданы аппаратында 5 жұмыс күнінің ішінде өтеді.
Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында 100900 Нұра ауданы Киевка кенті К.Мыңбаев көшесі, 44 үйге, «Нұра» газетінде жарияланғаннан кейін 15 күнтізбелік күнінің ішінде тапсырылуы тиіс. Анықтама телефондары: 21632, 22561, 22491 факс 21721.
Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (тестілеу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Нұра ауданы әкімінің аппараты

**Аппарат акима Нуринского районаКарагандинской области объявляет конкурс на занятие вакантных административныхгосударственных должностей**

Общие квалификационные требования к участникам конкурса
Для категории Е-G-3: образование - высшее профессиональное. Допускается среднее профессиональное образование при наличии не менее одного года стажа государственной службы или не менее одного года стажа работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности данной категории.

| Категория | Должностной оклад в зависимости от выслуги лет | |
|---|---|---|
| | От | До |
| Е-G-3 | 56813 | 72391 |

Адрес: 100900 Карагандинская область Нуринский район поселок Киевка ул. К.Мынбаева, 44.Телефон для справок: 22491, 22561, факс: 21721.
1.Главный специалист аппарата акима села Талдысай (категория Е-G-3, 1 ед., №1-1).
Фукнциональные обязанности:
-обеспечивает делопризводство в аппарате. Осуществляет прием и отправку документов в вышестоящие органы, организует рассмотрение писем и заявлений граждан.Осуществляет конроль за исполнение решений, распоряжений и поручений акима района , его заместителей.Оказывает содействие сбору налогов, ведет учет и регистрацию актов гражданского состояния, совершает нотариальные действия.
Требования к участникам конкурса:
Образование – по специальности социальная работа или гуманитарное, юридическое, экономическое.
Знание Законов РК «Об административных процедурах», «О нормативных правовых актах», «О налогах и других обязательных платежах в бюджет», «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц», «О браке и семье», «О нотариате», «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Трудового Кодекса Республики Казахстан, Стратегии развития Казахстана до 2030 года.
Умение работать на компьютере с программами «Word", " Excel".
Другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории.
2.Главный специалист по ветеринарии аппарата акима села Акмешит (категория ЕG-3, 1ед., №1-2).
Фукнциональные обязанности: Определение мест выпаса животных на землях населенного пункта; организация санитарной очистки территории населенных пунктов; организация проведения мероприятий по идентификации сельскохозяйственных животных и ведение базы данных по идентификации сельскохозяйственных животных; проведение просветительной работы среди населения по вопросам ветеринарии; ведение ветеринарного учета и отчетности и представление в местный исполнительный орган района в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан в области ветеринарии; принятие решений об установлении ветеринарного режима карантинной зоны с введением карантинного режима и ограничительных мероприятий по представлению главного государственного ветеринарно-санитарного инспектора в случае возникновения заразных болезней животных на соответствующей территории; принятие решений о снятии ограничительных мероприятий или карантина по представлению главного государственного ветеринарно-санитарного инспектора после проведения комплекса ветеринарных мероприятий по ликвидации очагов заразных болезней животных на соответствующей территории;
проведение ветеринарных мероприятий по обеспечению ветеринарно-санитарной безопасности на соответствующей территории; выдача ветеринарного паспорта на животное; выдача ветеринарной справки, действующей на территории соответствующей административно территориальной единицы; обеспечение выполнения ветеринарных мероприятий против особо опасных и энзоотических болезней животных.
Требования к участникам конкурса:
Образование – ветеринарное или по специальности ветеринарная медецина. Знание Законов РК «О нормативных правовых актах», «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О ветеринарии», «О порядке рассмотрения обращении физических и юридических лиц», Стратегии развития Казахстана до 2030 года.
Умение работать на компьютере с программами «Word", " Excel".
Другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории.
Конкурс проводится на основе Правил проведения конкурса на занятие вакантной административной государственной должности, опубликованных в республиканских средствах массовой информации ( «Егемен Қазақстан» от 22.06.01, с дополнениями и изменениями от 29.06.05г, «Казахстанская правда» от 23.06.01, с дополнениями и изменениями от 30.06.05г) и на сайте Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы www.kyzmet.kz
Кандидаты, допущенные к участию в тестировании, проходят его в установленном порядке в региональном центре дистанционного тестирования города Караганды в течении 5 рабочих дней после окончания срока приема документов по адресу: г.Караганда Бульвар Мира,39.
Программа тестирования кандидатов на занятие вакантной административной государственной должности (для категории E-G-3) включает в себя:
1. Тест на знание государственного языка.
2. Тесты на знание Законодательства Республики Казахстан:
Конституции Республики Казахстан, Законов Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», «О государственной службе, Кодекса чести государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих), утвержденного Указом Президента РК от 03 мая 2005 года № 1567;
Кандидаты, допущенные к собеседованию проходят его в аппарате акима Нуринского района в течение пяти рабочих дней после проведения тестирования по данному конкурсу.
Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в течение 15 календарных дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в районной газете «Нура» (по адресу: Карагандинская область Нуринский район поселок Киевка, ул.К.Мынбаева, 44. Телефон для справок: 21632, 22491, 22561 факс: 21721).
Расходы по участию в конкурсе (проезд к месту проведения конкурса и обратно, проживание и др.) граждане производят за счет собственных средств.

**Аппарат акиманНуринского района**



# Есімі елдің есінде

Биыл қазақтың аса кернекті де дарынды ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл. «От шайнап, шоқ асаған» біртуар ақынның қазақ поэзиясында жалпы дүрмектен алабөтен, өресі биік өлмес - өшпес дәстүрі бар.

Кезінде :

«Дейсіндер-ау Қасымның басым?!
Қасым солай болмаса, несі Қасым
«Ақынмын» деп қоландап жүргендердің
Әммесінен Қасымның десі басым», -

деген Мұқағали Мақатаев – оның өршіл рухты үрдісінің лайықты ізбасары, сол өміршен дәстүрді ілгері апарушы деп жырлаған.

Аманжолов Қасым Рақымжанұлы 1911 жылы қазан айының 10-ында Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туған. Ол жастай жетім қалып, 1921-1926 жылдары Семей қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. 1927 жылдан 1930 жылға дейін Семейдің малдәрігерлік техникумда оқиды.

Қасым 1931 жылы Ленинград қаласындағы орман шаруашылығы институтына барып түседі. Онда бір жыл оқып, денсаулығы жарамағаныктан оқуды тастап, Орал қаласына келіп, сондағы «Екпінді құрлыс» газетінде қызмет істеді.

Осы жылдардан бастап Қасым өлендері газет бетінен көріне бастайды. 1938 жылы ақынның «Өмір сыры» атты тұңғыш елендер жинағы басылып шықты. Осы алғашқы өлендер жинағының өзі Қасымның ақындығын бірден танытқандай болды. Ол сол күндердің өзінде орыстың және дүние жүзі классиктерінің шығармаларымен таныс екендігін байқатты. Осы жинақта Байронның «Чайльд Гарольд» поэмасынан үзінді және бір романсы, Некрасовтың екі өлеңі жас ақынның тәржімасымен берілген. Сол жылдары ақын қазақ әдебиетінде аударма жанрының дамуына да зор үлес қосты. Ол орыс ақындары Пушкин, Лермонтов, Мояковски, Шевченко шығармаларын қазақ тіліне аудара бастауы Қасымның ақындық өсу жолын анықтай түседі. Осы жылдары жарық көрген «Ленин және дүние», «Дауыл», «Орамал», «Ғашық едім қайтейін», «Жолдас маршал», сияқты олеңдерінде өрісті ойлар, терең сезім, өткір тіл, соны лөп байқалады.

Ақынның 1940 жылы жазған «Орамал» атты лирикалық өлеңінде махабаттың баяндылығы мен тұрақтылығының өнегесі өте әдемі жеткізіледі. Майданға аттанғалы тұрған жауынгерге сүйген жары орамал ұсынады.

Жаудан елді қорғауға,
Жарым кетіп барасын
Бәлкім жарар орауға
Білегіңнің жарасын
Бәлкім осы орамал
Қызыл қанға боялар,
Жанға тисе жат хабар
Жарың шошып оянар.

Махаббаты берік, жаны сұлу адамның ғана аузынан шығатын осынау сөздер жүрекке жылы тиіп тұр емес пе? Ақын лирикалық өлендер жазумен қатар «Қытай қызы», « Құпия қыз», «Бикеш» атты лиро-эпикалық поэмалар да жазды.

Қасым Ұлы отан соғысы басталар кезде Қиыр шығыста әскер қатарында болды. Содан ол Байкал, Орал арқылы майданға аттанады. Осы кездері «Байкал», « Орал» атты жүрек тебірентер екі жырын жазды. Ақын соғыстан халықтың жыр дәстүоін ілгері дамытып, батырлық, ерлік, жырларының жаңа үлгісін жасаған, қазақ поязиясың жаңа арнаға көтеріп жырлаған танымал ақын болып оралды. Қазақ поэзиясына оң буынды өлең түрін енгізіп, орынықтырды. 1948 жылы баспадан шыққан «Дауыл» жинағы қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерген құбылыс болды. Көркемдік сапасы жоғары лирикалық өлендерімен қатар «Бораш», «Біздең дастан», «Бикеш», «Жамбыл тойында», «Құпия қыз» тәріздә үлкен этикалық поэмалар жазды. Қасым Амаенжолов ақындығымен қатар сазгер де болған. Оның әнін де өзі шығарған «Дариға сол қыз» «Туған жер», «Өзім туралы» т.б. шығармалары халықтың сүйікті әндеріне айналған.

1949-1950 жылдары Қасым өзінің лиро-этникалық ірі шығармаларымен қазақ соает поэзиясының төрінен лайықты іргелі орын алды. Солардың ішінде «Дүние дұшпандарына» «Бактерия королі», «Дүние сыймас бомбаға», «Май майданы» сияқты туындылары бейбітшілікті жақтау, соғыс өртін тұтандырушыларды әшкерелеу ретінде жазылған.

«Өзіңмен бірге өлмесін өлеңім» деп, - деген Қасым, сайып келгенде өзінің ақындық шығармашылығын болмашы ұсақ – түйекке емес, әлеуметтік мәні зор мәселелерге арнады. Өлең-жырлары халық игілігіне айналып, артына өрісті ой, өшпес көркем мұра қалдырды.

Ана тіліміздің ғажайып әуездігін ашып, берген айрықша тұлғалардың бірі Қасым Аманжолов құдайдың құдыретімен «Туған елі өлеңінен күя» салған кісі еді. Оның бүгінгі біздің қолымыздағы небары тертақ томның басын құрап отырған мұрасын парақтаған кезімізде қазақ тілінің дүние жүзіндегі қандай тілден де кем түспейтін мол байлығына, образдылығына, оралымдылығы мен нақтылығына таң-тамаша болып қаласын, Қасым поэзиясында баттасқан бояу, көзді арбайтын қызыл көздің қыздырмасы жоқ. Қазақ жырына Абайдан кейін әлемдік поэзия мәдениетінің жаңа тынысы мен жарқын үлгісін әкеліп, соны мектебін қалыптастырғаны үшін де біз осы адамға мәңгілік қарыздармыз! Қасым қазақ жырын ғана бел асырып кеткен жоқ. езінің өртке тиген өлендерімен езгілікке тәнтті, сұлулыққа шелі қанбайтын бүкіл қазақ халқының асқақ рухын аспанға көтерген ақын!

Иә, «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген осы да...

**Назгүл Әбділдинова**

## ХАБАРЛАМА

Төмендегі кестеде көрсетілген ғимараттар иесіз деп Нұра аудандық әділет басқармасына тіркеуге берілді.
Осы төмендегі ғимараттардың иесілері бар болған жағдайда әділет басқармасына барып иесі екендерін дәлелдеп, әділет басқармасында тіркелгендіктері туралы құжаттарды Нұра аудандық қаржы бөліміне тапсырсын.

Заречное ауылындағы ФАП-тың ғимараты;

Байтуған ауылындағы ФАП-тың ғимараты;

Ахмет ауылындағы ФАП-тың ғимараты;

Изенді ауылындағы ФАП-тың ғимараты;

Көбетей ауылындағы ФАП-тың ғимараты;

Шахтер ауылындағы дәрігерлік пункт ғимараты;

Щербаковское ауылындағы дәрігерлік пункт ғимараты;

Қантай ауылындағы дәрігерлік пункт ғимараты;

Жараспай ауылындағы дәрігерлік пункт ғимараты;

Құланөтпес ауылындағы дәрігерлік пункт ғимараты.

**Нұра аудандық қаржы бөлімі**

<u>Санэпидназор предупреждает</u>

# «Об организации летнего отдыха детей в школах Нуринского района»

В Нуринском районе функционирует во 2-ом сезоне 2011 года - 17 пришкольных лагерей с организацией горячего питания, 7 пришкольных лагерей с выдачей сухого пайка ( выпечка, фрукты, соки) и 24 пришкольные площадки без организации питания детей. Загородных оздоровительных учреждений в районе нет.

Организацию и качество питания в детских оздоровительных лагерях обеспечивают руководители, медицинские работники.

Медицинские работники осуществляют контроль за :

-качеством пищевых продуктов, поступающих на пищеблок.
-за условиями хранения продуктов и соблюдением сроков хранения реализации.
-за качеством приготовляемой пищи
-за соблюдением норм продуктов питания
-за правильностью отбора и хранения суточной пробы
-за соблюдением личной гигиены сотрудниками пищевого блока.

Все виды деятельности детей в пришкольных лагерях, связанные с физической нагрузкой и двигательной активностью, должны согласовываться с медицинским работником пришкольного лагеря.

Дети не допускаются к приготовлению пищи, чистке вареных овощей, раздаче готовой продукции, к резке хлеба, мытью чайной, столовой и кухонной посуды, разносу горячей пищи.

Не допускается привлекать детей к работам, связанным с высокой физической нагрузкой ( переноска и передвижение тяжестей, опасным для жизни и здоровья мытье окон, уборка санитарных узлов, умывальных комнат, уборка и вывоз отбросов, нечистот).

Мероприятия по физическому воспитанию детей должны соответствовать их возрасту, состоянию здоровья, уровню физического развития, и физической подготовленности.

Во всех пришкольных лагерях должно проводиться гигиеническое воспитание детей, которое осуществляется медицинскими работниками и педагогическим персоналом. Гигиеническое воспитание детей строится на санитарно-просветительной работе и пропаганде здорового образа жизни.

Прогулки, экскурсии, походы – одно из мощных средств укрепления здоровья детей, т.к. во время походов обеспечивается воздействие свежего воздуха, солнечных лучей и воды. Еще до открытия пришкольных лагерей необходимо тщательно осмотреть территорию и удалить все сорные растения, установить, какие ядовитые растения встречаются в окрестностях. Дети значительно чувствительные к ядам чем взрослые, и поэтому чаще отравляются ядовитыми растениями, это случается потому, что они не знают какие растения ядовиты.

В Казахстане ядовитые растения можно встретить как сорняки вблизи домов, по берегам рек, на полях. Ядовитые вещества чаще всего попадают в организм через рот с пищей при попытке попробовать на вкус ягоды, плоды, стебли. Поэтому неизвестные растения нельзя брать в рот, нельзя касаться глаз, вообще ядовитые растения не следует трогать руками – некоторые яды находятся в соке растений, который способен растворить жир, покрывающий поверхность кожи. Впитываясь в кожу и попадая через нее в кровь, этот сок вызывает отравления. Яд, введенный в кровь, действует значительно сильнее, чем попавший в организм с пищей.

Белена – широко распространенный сорняк, встречается вблизи жилищ, на улицах, во дворах. Она имеет толстый ветвящийся стебель, все растение покрыто клейкими волосками, издающими неприятный запах. Цветы белены грязноватого желтого цвета с фиолетовыми жилками. Плоды представляют собой кувшинообразные коробки, содержащие желтовато серые или черные мелкие семена почковидной формы. Детей привлекают коробочки, напоминающие кувшинки, а также семена, похожие на мак. Дети берут семена в рот, жуют их. Во рту ощущается необычный, освежающий, сладковато-горький вкус. Проглатывание семян приводит к отравлению, достаточно 15-20 семян.

Первые признаки отравления появляются вскоре ( через 30 -40мин). Лицо и шея резко краснеют, появляется слюнотечение, тошнота, рвота и в дальнейшем сухость во рту. Постоянным и характерным признаком отравления является блеск глаз и резкое расширение зрачков, возможны судороги. Нередко при возбуждение беленой наблюдается возбуждение, дети мечутся, кричат, смеются, неправильно воспринимают окружающее (в народе говорят « белены объелся»).

Признаки отравления дурманом подобны проявлениям отравлениями беленой.

Паслен черный - сладко-горький представляет собой кустарник, цветы фиолетовые. В ягодах паслена содержится незначительное количество саланина. При поедании большого количества ягод, весьма соблазнительных для детей, может возникнуть отравление, которое характеризуется поносом, учащенным сердцебиением, иногда потерей речи, бессознательным состоянием. При первых признаках отравления необходимо вызвать врача либо обратиться в ближайшее медицинское учреждение, но первая помощь при отравлениях должна оказываться, не дожидаясь прибытия врача. Прежде всего необходимо удалить яд из желудка. Этому способствует появляющаяся при этих отравлениях рвота. Для поддержания рвоты больному нужно дать выпить несколько стаканов подряд теплой воды с солью, чтобы лучше очистить желудок, питье воды с последующей рвотой повторяют несколько раз.

УГСЭН по Нуринскому району проводится контроль за организацией летнего отдыха детей.

В ходе проведенных обследований за выявленные нарушения по организации питания, водоснабжения, за непроведение санитарно-просветительной работы с детьми составлено 12 протоколов на сумму 24192 тенге.

**Н.Пилюта,**
**ведущий специалист УГСЭН**
**по Нуринскому району**

## Уважаемые налогоплательщики!

Согласно Закона «О национальных реестрах идентификационных номеров», в Казахстане до 1 января 2012 г завершается переход на единые идентификационные номера налогоплательщиков (ИНН) взамен ранее существовавших различных идентификаторов, в том числе РНН. Для физических лиц и индивидуальных предпринимателей новым идентификатором являются ИИН, а для юридических лиц - БИН. В связи с этим, с 1 января 2012 г банковские платежи и переводы, уплата налогов, перечисление обязательных пенсионных взносов и социальных отчислений будет производиться лишь с применением ИИН/БИН. У физических лиц ИИН указан в удостоверении личности внизу справа от фотографии, у юридических лиц в свидетельстве о государственной регистрации юридического лица.

В связи с вышеизложенным, Налоговое управление обращается к гражданам Нуринского района:
«проверьте в базе данных налогового управления наличие своего идентификационного номера»
Для этого можете проверить на сайте по адресу: www.salyk.kz/ru/Pages/find-taxpayers.aspx или же в налоговом управлении по Нуринскому району в каб.101. При себе иметь удостоверение личности, РНН и домовую книгу.

К сведению

## Черта бедности

Управление координации занятости и социальных программ Карагандинской области издало приказ № 36-п от 8.07.2011 г. «Об определении черты бедности на 3 квартал 2011 года», которым на этот период определена черта бедности в размере 5986 тенге, что составляет 40% от прожиточного минимума 14965 тенге, рассчитанного Агентством по статистике Республики Казахстан на 2 квартал 2011 года.

Как сообщило управление, стоимость продовольственной корзины по области составила во 2 квартале 2011 г. 8979 тенге и является критерием в 3 квартале 2011 года для определения права на ежемесячное государственное пособие, назначаемое и выплачиваемое на детей до 18 лет, в размере 1 месячного расчетного показателя на каждого ребенка ( с 1 января 2011 года -1512 тенге).

## Информирует ОЧС

На водоемах Карагандинской области за 1 полугодие 2011 года утонуло 24 человека, в том числе 2 детей. В районе действия ВСС (водно-спасательная служба) спасено 35 человек, в том числе 20 детей. (Для сравнения: в 2010 году утонуло 44 человека, в том числе 5 детей).
На сегодняшний день с начала года утонуло 34 человека, в том числе 4 ребенка. Спасено 48 человек, в том числе 22 ребенка.
Причины гибели за полугодие: при провале на льду – 1 человек, купание в нетрезвом состоянии – 12 человек, при рыбной ловле – 3 человека, при купании – 5 человек, в том числе 2 ребенка, суицид – 1 человек, прочие обстоятельства – 2 человека.
Для недопущения подобных случаев Отдел по чрезвычайным ситуациям Карагандинской области напоминает правила, о которых необходимо помнить всегда: во время отдыха и рыбалки:
Не умея плавать, не заходите в воду выше пояса.
Не купайтесь в нетрезвом состоянии и после обильного приема пищи. При алкогольном насыщении организма снижается самоконтроль, угнетается дыхательная и сердечная деятельность, наступает сонливость.
Не купайтесь в незнакомых местах. Не проверенный водоем, глубокие ямы, сильное течение, илистое дно - всё это может привести к травмам и человеческим жертвам. Даже если вы совсем недавно купались в этом водоеме, проверьте дно: подвыпившая компания в пять минут ради баловства могла усеять его консервными банками и осколками разбитых бутылок.
Советуем купаться в установленных местах: на пляжах и водных станциях, там, где руками спасателей убран мусор и профессиональная помощь при несчастном случае вам будет обеспечена.
Не оставляйте детей без присмотра. Не разрешайте им гулять в районе водоемов одним. Отдыхая вместе с детьми у воды, следите за ними и не оставляйте их одних, особенно во время купания. Будьте рядом с ними даже на мелководье. Пресекайте случаи катания детей на предметах, не предназначенных для этого. Будьте бдительны, не проходите мимо детей, особенно когда им нужна помощь. Детям, не достигнувшим 14 лет, находиться одним на водохранилище запрещается!
Не заплывайте далеко от берега, вы можете не рассчитать своих сил и попасть в беду.
Не забывайте о самоконтроле. Не переплывайте водоемы на спор, не находитесь долго в холодной воде. Во время купания не следует доводить свое тело до озноба. Помните, что долгое пребывание в воде ведет к переохлаждению тела, к опасным для жизни судорогам, временной остановки дыхания, потери сознания. Поэтому продолжительность купания не должна превышать 10-15 минут.
Не купайтесь в ночное время: видимость ухудшается, человеку легко потерять ориентацию. У него появляется страх. Также не следует купаться в одиночку и при большой волне.
Не доверяйте свою жизнь надувным матрасам: они имеют обыкновение спускаться и лопаться в любой момент.
При плавании не пользуйтесь досками, камерами от мячей и автомашин и другими, не предназначенными для этих целей плавающими предметами.
При пользовании плавательными средствами категорически запрещается: выходить в плавание без спасательных жилетов и поясов, сидеть на бортах и носовом отсеке лодки, пересаживаться с одного места на другое, а также переходить с одной лодки на другую на плаву; нырять с лодок; перегружать плавсредства по вместимости и грузоподъемности; кататься детям до 14 лет без сопровождения взрослых. Опасно плавать вблизи шлюзов, плотин, а также останавливать лодку под мостом.
Каждый человек, оказавшийся свидетелем несчастного случая на воде, не дожидаясь прибытия «скорой помощи», должен уметь оказать помощь пострадавшему.
К тонущему человеку подплывать лучше со спины. Приблизившись, взять его за голову, плечи, руки, воротник, повернуть лицом вверх и плыть к берегу свободной рукой и ногами.
На лодке к тонущему человеку следует приближаться против течения, при ветреной погоде – против ветра и волны. Вытаскивать спасенного из воды лучше всего со стороны кормы.
После извлечения пострадавшего из воды следует быстро расстегнуть ему одежду, голову повернуть на набок, очистить рот от песка и ила, удалить воду из дыхательных путей и желудка. Для этого необходимо положить пострадавшего себе на согнутое колено, чтобы голова его была ниже уровня тела. Все эти действия нужно провести как можно быстрее. После этого приступают к искусственному дыханию. Самый простой способ – вдувание воздуха изо рта в рот. Положив пострадавшего лицом вверх, одну руку подложите под его шею, другую на лоб и запрокиньте его голову назад, чтобы максимально приоткрыть дыхательные пути. Большим и указательным пальцами зажать нос пострадавшего, сделать глубокий вдох и, захватив губами его рот через салфетку или носовой платок, вдувать воздух 18-20 раз в минуту. Искусственное дыхание делается до появления естественного дыхания. Если помощь оказывают двое, то один делает искусственное дыхание, а другой – массаж сердца: 1 вдох – 4 надавливания на грудную клетку. Массаж сердца и вентиляцию лёгких продолжают делать до прибытия врача.
Помните: пострадавшего можно вернуть к жизни спустя не более чем 6 минут после прекращения дыхания.
Отдыхая у воды, не забывайте об опасностях, которые могут подстерегать вас на берегу и в воде.
Соблюдение мер предосторожности - главное условие безопасности людей на водоемах!

**М. Курманов,**
**ст. инженер ОЧС Нуринского района**
**ст. лейтенант противопожарной службы**

## «Выдача повторных свидетельств или справок о регистрации актов гражданского состояния»

Государственная услуга осуществляется на основании Закона Республики Казахстан «О браке и семье», статьи 3 и 9 Закона Республики Казахстан «О национальных реестрах идентификационных номеров»
Государственная услуга оказывается территориальными органами юстиции в пределах территории Республики Казахстан через центры обслуживания населения.
Формой завершения оказываемой государственной услуги является выдача повторного свидетельства или справки о регистрации актов гражданского состояния.
За оказание государственной услуги установлена государственная пошлина, которая в соответствии с Кодексом Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» составляет: 1) за выдачу повторного свидетельства о регистрации актов гражданского состояния – 1 месячный расчетный показатель; 2) за выдачу справки о регистрации актов гражданского состояния – 0,3 месячных расчетных показателей.
От уплаты государственной пошлины при регистрации актов гражданского состояния освобождаются при предъявлении подтверждающих документов:
1) участники Великой Отечественной войны и приравненные к ним лица; лица, награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны; лица, проработавшие (прослужившие) не менее шести месяцев с 22 июня 1941 года по 9 мая 1945 года и не награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны; инвалиды, а также один из родителей инвалида с детства; опекуны (попечители); государственные организации – за регистрацию и выдачу повторных свидетельств о рождении; 2) физические лица – за выдачу им свидетельств при изменении, дополнении и исправлении записей актов о рождении, смерти, об установлении отцовства, усыновлении (удочерении), в связи с ошибками, допущенными при регистрации актов гражданского состояния; 3) физические лица – за выдачу им повторных или замену ранее выданных свидетельств о смерти родственников; 4) физические лица – за выдачу повторных свидетельств о рождении в связи с усыновлением (удочерением) и установлением отцовства.
Для получения государственной услуги потребители представляют:
1) заявление установленной формы по выдаче повторных свидетельств и архивных справок; 2) документ, подтверждающий личность потребителя; 3) квитанцию об оплате государственной пошлины.
Повторные свидетельства о регистрации актов гражданского состояния, кроме свидетельств о смерти, выдаются лицам, в отношении которых составлена соответствующая актовая запись, а также другому лицу (поверенному) письменно (нотариально удостоверенная доверенность) уполномоченному для представительства от имени этого лица (доверителя).
Повторные свидетельства о смерти выдаются родственникам умерших, входящих в круг наследников.
Государственная услуга предоставляется: шесть дней в неделю, за исключением воскресенья и праздничных дней, в соответствии с установленным графиком работы с 9.00 часов до 19.00 часов, без перерыва на обед.

**Н.Турманов,**
**и.о. руководителя филиала**
**Нуринского района**
**РГУ «ЦОН» Карагандинской области**

## ГДН информирует

В период с 11 по 15 июля 2011 года на территории области проводилась акция «Не сиди без дела» с привлечением представителей заинтересованных государственных органов, неправительственных организаций, общественности и средств массовой информации.
Сотрудниками ГДН, УИП ООБ ОВД Нуринского района совместно с представителями акимата, органов прокуратуры, образования, здравоохранения, труда и социальной защиты, а также районного филиала молодежного крыла "Жас Отан" НДП "Нур Отан", были осуществлены проверки неблагополучных семей, несовершеннолетних, состоящих на профилактическом учете ГДН ООБ ОВД Нуринского района, были проверены по месту жительства семьи.
Также в ходе проведения акции «Не сиди без дела» совместно с представителями органов труда и социальной защиты населения были осуществлены рейды по проверке увеселительных заведений, таких как кафе «Нура», «Меруерт», «Бейбарс», « Тайказан» п.Киевка.

**Ж.Рахматулина,**
**УИП ГДН ООБ ОВД Нуринского района**
**старший лейтенант полиции**

## «Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алым төлеу туралы»

Соңғы кезде азаматтардың адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алымды олардың орналасқан жерінен тыс төлеу фактілері жиілеп кетті.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының түсініктемесіне сәйкес аталған қызмет түрлеріне лицензиялық алымның төлеушінің орналасқан жерінен тыс төленуі Қазақстан Республикасы бюджет және заңнамасының талаптарын бұзу болып табылады.
Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің (бұдан әрі – кодекс) 472-бабы 1-тармағына сәйкес лицензиялық алым сомасы алым төлеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.
Егер тұлға орналасқан жерін (мекен-жайын) ауыстырған болса, аталған Кодекстің 563 бабына сәйкес тұрғылықты (болу) жері езгерген кезде жаңа тұрғылықты жері бойынша салық органына салық телеушінің тұрғылықты (болу) жерінің езгергенін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын көрсетіп, олардың көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу деректеріне езгерістер енгізу үшін ез бетінше салықтық етініш беруге құқылы.
Бұдан басқа, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым республикалық маңызы бар қала, астана, аудан және лблыстық маңызы бар қала бюджетіне түсетін түсімнің бірі болып табылады.
(Қазақстан Республикасы Бюджеттік Кодексінің 51,52-баптары).
Осының негізінде, ҚР бюджеттік Кодексінің талаптарын және ҚР бас прокуратурасының түсініктемесін ескере отырып, лицензиаттардың лицензиялық алым сомасын салық телеуші ретінде тіркелген салық органдарын деректемелеріне төлеу қажеттілігіне назарын аударамыз.

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**
**ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ**

## Аман болсын жанашыр ағалар

Жақсылықтың ерте-кеші жоқ. Уақыт ез көшімен ілгерлеп жатса да, дүбірлеп, дүркіреп еткен ауылымның 50 жылдығы айтылып таусылар емес. Ауданымыздан біртәлай шалғайда жатсақта, бірінші болып 50 жылдықты тойладық. Ат шаптырып, аламан бәйге тігіп, ұлан-асыр той жасалғаны алдымен Аллаһымның арқасы, екінші жанашыр ағалардың арқасы деп білемін. Тойды ұйымдастырып, басшылық еткен ауылымыздың тумалары, бел балалары Бабасов Нұрлыбай аға мен Алданғаров Бибол қайын ағам десем артық болмас. Астана тәрінде мекен етіп жатса да, бұл ағалардың елге деген сағыныштары, махаббат, сүйіспеншіліктері ұшан-теңіз. Ел ағасы Сенбай ағамен сан мәрте кездесіп, тойдың жоспарын құрып, межелі уақытын белгілеп, күні-түні ат үстінде жүріп, той қамына қызу кірісті. Ел болып, ауыл болып ақшалай қаражат жиналды. Осыларды ұқсатып, жеткізіп, жарату да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ауылдың қара жұмысын Сенбай ағам алса, қаладағы жұмысты Нұрлыбай аға мен Бибол ағам басшылыққа алды.
«Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» - деген қазақта бір тамаша сөз бар емес пе? Ақ тер, көк тер болып, зыр жүгіріп, бір түнде ауданға барып, керек-жарақты әкеліп дамыл таппаған Сенбай ағаның ерен еңбегін ерекше айту керек. Өзінің әкімшіліктегі ақ жаулықты аналардан бастап, жас қыз-жігіттеріне ескі-қосқы тамдарды сылатып, бау-шарбақтарды сырлатып, көшелерді тазартқызды. Бұл шындық. Ешкім міндет артып, бұлданған жоқ. Бәрі де ауылдың мәртебесі үшін аянбай тер текті. Осы жұмыстың езі Сенбай ағаның басы-қасында жүріп, қадағалауынан болды. Абзал ағалардың әкелген жабдықтарын, азық-түліктерін шашпай-текпей, халыққа қамтамасыз еткен ауылдың аяулы аналарына рахмет.
«Бәрі де ел үшін, туған жер үшін»-деген ұранмен жүріп, тер төккен ағалардың ерен еңбегін еш қалдыра алмадым. Шалғай жерде жатсақта, « той десе қу бас домалайдының» керімен жан-жақтан ауыл тумалары, арнайы шақырылған қонақтар лек-легімен ағылып, той қызығын бізбен бірге бөлісті.
Осы қуанышты сыйлаған, ауылымызды бір марқайтып тастаған абзал ағалардың арқасы емес пе? Аллаһым ат тізгінде жүрген жанашыр ағаларыма мықты денсаулық, күш-қуат, жанұяларына бақыт, үлкен қуаныш сыйласын!

Қажымас қара нарым,
Ақылгөй даналарым.
Күнім деп еркелетер,
Аман бол, ағаларым – деп, Оспанхан ағаның әдемі өлеңімен аяқтағым келеді.

**Г.Ажикбаева,**
**Сарыөзен НМ мұғалімі**

Жаз -2011

# Көңілді демалыс

Желкілдеп өсіп келе жатқан өмір гүліміз, балаларға қамқорлық әр уақытта жасала бермек.

Нұра ауданының Ахмет ауылында Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектепте 6 маусымнан бастап «Шағала» атты лагерь ашылды.

Бұл «Шағала» лагерінің сүйікті тәрбиешілері Шекелбаева Марал Болатқызы мен Мырзағалиева Айгүл Жақанқызы мұндағы тірлік теңіздің бетіндей дамылсыз дамып, бала көңілдеріне күннің жайма шуағындай жылулық, қуат беруде.

Балалар лагерьде ойлау қабілеті, сана – сезімі оянып, үлкендерді сыйлауға, тыңдауға дағдыланады.



Олар елінің салт - дәстүрін құрметтеуді де осы ортада үйренеді. Бала жан дүниесінің нәзіктігін дәл тауып, оған қамқорлық көрсетілсе, болған жас көңілдерін көтермелеп, бағаланғанда мерейі үстем болып, айтқанды тез ұғады.

Бала ойын баласы болғандықтан, дені сау ұрпақ тәрбиелеудің бірден – бір жолы балаларды шынықтыру мақсатында, әртүрлі ойындарды ойнату жүгірту мен секіртудің, спорттық ойындардың алатын орны тіпті ерекше.

Лагерьдің жетекшісі, ұстаз – Асылбекова Айнагүл Қабкешқызы былай дейді – «Біздің негізгі мақсатымыз жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақыттарын тиімді пайдаланып, салауатты өмірін сақтау. Мұнда балалардың тілін дамыту үшін, сондай – ақ сөздік қорды байыту, ойлау қабілетін дамыту уақыт ұғымдарын тиянақтау сияқты әртүрлі сан – саналы тәрбие мен оқыту жұмыстары ұйымдастырылып, жүргізіледі.

Бұл жерде денсаулыққа қамқарлық мақсатымен сауықтыруға байланысты іс – шаралар, «Гүлдер күні», «Күлкі күні», «Мақал – мәтелдер сайысы», «Қарақшылар күні», «Ертегілер күні», «Спорт күні» сияқты тағы да басқа мерекелер жиі өткізіліп тұрады.

Біз балаларға түскі ас мәзірін береміз. Бұл жерде дәмді де, сапалы дайындалған астың атқаратын релі мол. Санитарлық-эпидемиологиялық мамандардың талабына сай тазалық та қатаң сақталады».

Шынында да бала көңілдің гүлі, көздің нұры. Бәрі балалар үшін. Балаларға жағдайды бірлесіп жасау керек...

**Назгүл Қаматқызы**

# Айналайын Анашым!



***Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, перзенттік парызыңды өтей алмайсың***

Құстың да ұйқысын бөлмеген, құмырсқаның да жолын кеспеген, тумысынан турашыл, табиғаты жалпақ шешендікті жақтырмайтын ғұмыр бойы ар, намыс пен адамгершілікті тағдырына ту етіп ұстана білген бірден-бір жан-Анашым туралы шер тарқатсам деп едім.

Иә, ол кісінің болмысының өзі таптырмас теңеулерге лайықты. Солай болып өмірден де етті . Анамның тосын ажалы мені есеңгіретіп есімді алғанымен, уақыт дегенің жан жарасын емдеудің бар әрекетін жасап қана қоймай, сол дегеніне жетеді екен. Жарықтық Анашымның жылылыққа толы жүзі бекзаттылыққа толы жаратылысы кез алдымнан осылайша біртіндеп бұлыңғыр тартып, тек елесін ғана қалдыра берді. Сол анашымның азан шақырып қойған, ел жұрты атап шақыратын есімі Сайлау. Шыбын жанды алуға жаны құмар тойымсыз сұм ажал менің Анашымды алпысқа енді келген кезде ортамыздан жұлып алып кете барды. О дүниелік болғанша қасымда жүре берсе деген пендешілік тілекпен таң атып, күнде бата береді екен-ау.

Жаныңды ешкімге де, әлбетте ажалға да бергің келмейтіні рас. Қайран анамның жалған жарық күнмен қоштасқанын кершіме звандап ауырып жатыр деп естігемінде сенбедім, ейткені бір күн бұрын ғана телефонмен хабарласқан. Қалай сенерсің. Есі ауған адамдай мең-зең күйге түсіп, не естерімді білмей қалдым. Күні кеше ғана тілеулес болып жүрген қасиетті адамымды жоқ деуге қалай қиярмын. Кезімнен көл болып аққан жасымды тыя алсамшы. Ағайын-туыстар, кершіқолаңдар ұжымдағы әріптестерім бәрі-бәрі келіп көңіл айтып жатыр, неғылайын енді.

Тұла бойы даралыққа тұнған мұндай бірегей жанды енді таба алмайтыным еске түссе қайта жылаймын келіп, жылаймын да алай-дүлей күй кешемін. Менің анам 1950 жылы 17 желтоқсанда дүниеге келген. Орта мектепті аяқтады. Ал әкем да 1950 жылы 20 тамызда дүниеге келген. Ол кісі де ешқандай қызық кермей 49 мүшел жасында сұм ажал ортамыздан алып кетті. Оған кеніп, шешеміз қалды. Шешеміз әрі әке орнында әке болып ана орнында ана болып ақылшымыз болып отырғанда осындайға тап боламын деген ойымда болған жоқ. Жалғыз бауыры бар еді. Өмір болғасын қуанышы мен қайғысы қатар жүретіні белгілі. Анамның жалғыз бауыры кез жұмып, анам «бір шикі өкпе де қалмады, шаңырағы құлады»-деп қатты қайғырды. Уақыт емші болғанымен бұл қайғы анам жүрегіне айықпас із салды. Ол кісі де о дүниелік болып кетті, анам қатты қайғырып еді ізін суытпай өзі де кете барды, әлі де түсім сияқты мен анамды қимаймын.

Әкеміз елдің елеулі азаматы Макенов Жанат екеуі 3 қыз, 3 ұл тәрбиелеп есірді, мәуелі бәйтереКтей жапырағы жайқалған ұрпақ қызығына бөленген ата-ана бола білді. Үлкен ағам Серік ез алдына фермер,өзім Ынтымақ орта мектебінде тәрбиеші болып жұмыс істеймін, сіңілім Сабира ол да біреудің сүйікТі келіні, одан кейінгі сіңілім Жазира Қарағанды қаласында қазақ тілі әдебиет пәнінің мұғалімі, інім Секіжан Астана қаласында құрылысшы болып жұмыс істейді, ал ең кенже інім Отан алдындағы борышын Өскемен қаласында өтеп жатыр. Бала тәрбиесі, саналы ұрпақ есіру-Анашымыздың ұлы мұрат міндетінің ең бастысы болған. Байлықтың бәрі бала тәрбиесінде екендігін күні кешегі, кез жұмғанға дейін айтып отырды. Саналы сөзді сары алтыннан артық бағалағанына ауыл аймағы, құда-жекжаты, алысжақыны куә. "Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен парапар» депті бір қалам иесі. Сол айтқандай анашым да еткеннің шежіресін қолмен қойғандай етіп бүгінімен байланыстыра отырып әңгімелейтін. Біз оның айналасына үйіріліп, бар ынтамызбен тыңдайтынбыз. Анамыз соның өзіне риза болатын. Жабырқаулы жанымды да жан дүниемдегі шерді де, жан баласына ұғындыра алмайтын сәттердегі сырымды да лезде байқай қоятын анашыммен ұзақты күн әңгімелесуден жалықпайтынмын. Оңашада: «Жарықтық Анашым аз ғана болса да тіршіліктің дәм-тұзын тата тұрғаныңызда немере көрушедіңіз, тым болмаса жиендеріңіздің оқуға түскенін, әкеміз екеуің бірге жол сілтеп тұрар едіңіз. О жаққа неге тым асықтыныздар. Сабырлы да, әңгімеге жоқ істің адамы еді. Қайтар жолымда аялдамаға бірге келіп өзіңнің автобусқа мінгізіп жіберетін күндеріңді, небір ыстыққа қарамай нан салып беретініңді, мейірлене қарайтыныңды сағындым жан анам! Тым болмаса соңғы рет дидарыңызды бір рет болса да көріп, үніңізді де ести алмай қалдым-ау?- деп арман жасымды тегіп-тегіп аламын.

Анашым өзіңіз жайында бірер ауыз сөзімді жұптап, қағазға түсіріп, бірер сәтке болса да бойымды жеңілдетіп, ел қатарлы еңсемді тіктегім келді. Әкем айтпақшы: «Мына жалған дүниеге ешкім де міндетті болып қалмайды, аз ғана тіршілікте сыйласқанға не жетсін» деген сөздің жаны бар. Анашым, жаныңыз жәнната болсын!

Неткен мынау емірдің ағыны үстем,
Налимын да тағдырға жанып іштен,
Күндерімді өзіңмен бірге еткізген.
Еске аламын әрдайым сағынышпен!
Қайран, Ана!
Сыр шертіп сан аңыздан
Шыққандығын батыр да,дана қыздан
Ұқтыратын бізді үндеп ізгілікке,
Асыл бейнең ешпейді санамыздан-
деген жүрек жарды жыр жолдарын
да езіңе бағыштаймын.
Рухыңа бас иіп, әруағыңды ардақтап
етер қызың

**Салима Смағұлова,**
**Ынтымақ ауылы,**

# Қасиетті рамазан айындағы ораза ұстау мен намаз оқу уақытының кестесі

**«Рамазан – адамдарға тұра жол нұсқаушы,ақ пен қараны айырушы,бекем тұтынатын жолбасшы ретінде құран түсірле бастаған ай. Рамазан айы туғанын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын. Алла сендерге жеңілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді.»**

| Ораза ай реті | Апта күндері | Сәресі уақыты | Таң намазы | Күннің шығуы | Бесін намазы | Екінті намазы | Ақшам намазы | Құптан намазы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дүйсенбі | 2.45 | 3.00 | 5.39 | 13.30 | 18.38 | 21.07 | 22.40 |
| 2 | Сейсенбі | 2.46 | 3.01 | 5.41 | 13.30 | 18.37 | 21.06 | 22.40 |
| 3 | Сәрсенбі | 2.46 | 3.01 | 5.42 | 13.30 | 18.36 | 21.04 | 22.40 |
| 4 | Бейсенбі | 2.47 | 3.02 | 5.44 | 13.30 | 18.35 | 21.03 | 22.40 |
| 5 | Жұма | 2.47 | 3.02 | 5.45 | 13.30 | 18.34 | 21.01 | 22.40 |
| 6 | Сенбі | 2.48 | 3.03 | 5.47 | 13.30 | 18.33 | 20.59 | 22.40 |
| 7 | Жексенбі | 2.49 | 3.04 | 5.48 | 13.30 | 18.32 | 20.57 | 22.40 |
| 8 | Дүйсенбі | 3.06 | 3.21 | 5.50 | 13.30 | 18.31 | 20.56 | 22.40 |
| 9 | Сейсенбі | 3.10 | 3.24 | 5.51 | 13.30 | 18.29 | 20.54 | 22.40 |
| 10 | Сәрсенбі | 3.12 | 3.27 | 5.53 | 13.30 | 18.28 | 20.52 | 22.30 |
| 11 | Бейсенбі | 3.12 | 3.27 | 5.53 | 13.30 | 18.28 | 20.52 | 22.30 |
| 12 | Жұма | 3.18 | 3.33 | 5.56 | 13.30 | 18.26 | 20.48 | 22.30 |
| 13 | Сенбі | 3.21 | 3.36 | 5.58 | 13.30 | 18.24 | 20.46 | 22.30 |
| 14 | Жексенбі | 3.25 | 3.39 | 5.59 | 13.30 | 18.23 | 20.44 | 22.30 |
| 15 | Дүйсенбі | 3.37 | 3.42 | 6.01 | 13.30 | 18.22 | 20.42 | 22.30 |
| 16 | Сейсенбі | 3.30 | 3.45 | 6.02 | 13.30 | 18.20 | 20.40 | 22.30 |
| 17 | Сәрсенбі | 3.32 | 3.48 | 6.04 | 13.30 | 18.19 | 20.39 | 22.30 |
| 18 | Бейсенбі | 3.35 | 3.51 | 6.05 | 13.30 | 18.17 | 20.37 | 22.30 |
| 19 | Жұма | 3.38 | 3.54 | 6.07 | 13.30 | 18.16 | 20.35 | 22.30 |
| 20 | Сенбі | 3.40 | 3.56 | 6.08 | 13.30 | 18.15 | 20.32 | 22.10 |
| 21 | Жексенбі | 3.43 | 3.59 | 6.10 | 13.30 | 18.13 | 20.30 | 22.10 |
| 22 | Дүйсенбі | 3.45 | 4.02 | 6.12 | 13.30 | 18.12 | 20.28 | 22.10 |
| 23 | Сейсенбі | 3.47 | 4.04 | 6.13 | 13.30 | 18.10 | 20.26 | 22.10 |
| 24 | Сәрсенбі | 3.50 | 4.07 | 6.15 | 13.30 | 18.09 | 20.24 | 22.10 |
| 25 | Бейсенбі | 3.52 | 4.09 | 6.16 | 13.30 | 18.07 | 20.22 | 22.10 |
| 26 | Жұма | 3.55 | 4.12 | 6.18 | 13.30 | 18.05 | 20.20 | 22.10 |
| 27 | Сенбі | 3.59 | 4.14 | 6.19 | 13.30 | 18.04 | 20.18 | 22.10 |
| 28 | Жексенбі | 4.02 | 4.17 | 6.21 | 13.30 | 18.02 | 20.16 | 22.10 |
| 29 | Дүйсенбі | 4.04 | 4.19 | 6.23 | 13.30 | 18.01 | 20.14 | 22.10 |

Ескерту:

Биыл,2011жылы мұсылмандық ай күнтүзбесі бойынша қасиетті Рамазан айы 29күн. Тамыз айының 1 де Рамазан айының бірінші күні басталады.

1.Тамыз айының 26-нан 27- не қараған түн Ләйләтул-Қадр, яғни қасиетті Қадір түні.

2.Сәресі ішу таң намазына 15 минут қалғанда тоқтатылады.

3.Ауызды ақшам намазының уақыты болысымен құрмамен немесе сумен ашуға болады

4.Тарауих намазы құптан намазының парызынан кейін оқылады,ал үтір-уәжіп намазы ең соңында жамағатпен оқылады.

5.Пітір –садақаны рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. Пітір садақасы жан басына 150 теңге болады.

Тамыз айының 30-күні Ораза айт мейрамы басталады. Айт намазы 8:00 да

Рамазан айында тарауих намазын оқыған адамаға Алла тағала әр күніне сауап береді екен.Бұл тұралы пайғамбарымыздан хазірет Әли (р.а.) риуаят етіп айтты:

Бірінші күні Тарауих намазын оқыған адам анасынан туылғандай пәк болады.

Екінші күні Тарауих намазын оқыған адамның әке-шешесі мұсылман болған болса ,олардың күнәләрын Алла тағала кешеді.

Үшінші күні Тарауих намазын оқыған адамға бір перішге дауыс қылып ғамалын рия болмасын ,нағыз Алла үшін істе . Алла тағала алдыңғы өткен күнәларыңды мағфират қылды,кешірді ,-деп айтар.

Төртінші күні Тарауих намазын оқыған адам Таурат,Забур, Інжіл және құранның сауабын алады.

Бесінші күні Тарауих намазын оқыған адам Қағыбаның ішінде ,Пайғамбарымыздың мешіті, Масжидул әл-Ақсада намаз оқығандай сауап табады.

Алтыншы күні Тарауих намазын оқыған адам Байтул Маьмурде, яғни періштелердің аспандағы Құбыласында тәуеп еткен кісідей сауап табады және барлық тасттар, таулар,құмдар, ағаштар ол үшін зікір айтып тұрады.

Жетіншікүні Тарауих намазын оқыған адам Перғауынның және Хаманның ( орынбасары)

Кесапатынан Мұсаға (ғ.с.) жәрдем берген сияқты болады.

Сегізінші күні Тарауих намазын оқыған адам Алла тағала Ибраһимға (ғ.с.) сауап бергендей сауапқа бөленеді.

Тоғызыншы күні Тарауих намазын оқыған адамның ғибадаты Пайғамбарымыздың қылған ғибадаты сияқты болады.

Оныншы күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала екі дүниенің жақсылығын насіп қылады .

Он бірінші күні Тарауих намазын оқыған адам дүниеден анасының құрсағынан жаңа туылғандай болып етеді.

Он екінші күні Тарауих намазын оқыған адам қияметте толған ай сияқты жарқырап келеді.

Он үшінші күні Тарауих намазын оқыған адам қияметтің барлық жамандығынан аман болады.

Он тертінші күні Тарауих намазын оқыған адамды періштелер келіп куәлік береді тарауих намазын оқыған деп.

Он бесінші күні Тарауих намазын оқыған адамға Арш және Құрсиді көтерген ,яғни ұлық барлық періштелер салауат айтады.

Он алтыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала үкім қылады тозақтан аман қылып жаннатқа кіруіне

Он жетінші күні Тарауих намазын оқыған адамға сауап беріледі, яғни пайғамбарымыздың сауабы сияқты.

Он сегізінші күні Тарауих намазын оқыған адамға бір перішге дауыс қылып : Ей пенде, Аллла тағала әлбетте саған және әке-шешеңе риза болды дер.

Он тоғызыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға Жаннати фир дауыс дәрежесін жоғары қылады .

Жиырмасыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға шаһидтердің , салихтардың сауабы сияқты сауап беріледі.

Жиырма бірінші күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала жаннатың ішінен нұрдан үй салдырады.

Жиырма екінші күні Тарауих намазын оқыған адамға Қиямет күнінде барлық екіншіттерден аман алып қалады.

Жиырма үшінші күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала жанната бір қала салдырады.

Жиырма төртінші күні Тарауих намазын оқыған адамның дұғасын қабыл етеді.

Жиырма бесінші күні Тарауих намазын оқыған адамды көр азабына бермейді.

Жиырма алтыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала қырық жыл еткеннің сауабын береді.

Жиырма жетінші күні Тарауих намазын оқыған адам Сират көпірінен найзағайдың жарқ етіп өтер.

Жиырма сегізінші күні Тарауих намазын оқыған адамды Аллла тағала жаннатта дәрежесін көтереді. Жиырма тоғызыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға : Ей,пендем , жанннатың жемісінен же , салсабил суымен жуын, кәусар суын іш, Мен сенің Раббыңмын, сен менің құлымсың –дер.

**Құрметті мұсылман бауырлар !**

**Пайғамбарымыз ( с.ғ.с.) : Рамазан айын – үмбетімнің айы және кешірім айы-деді. Олай болса ,білмей пендешілікпен істеген күнәларымызға Алла тағаладан кешірім сұрап, жалқаулық етпей құлшылықта болайық.Әмин!**

**Нұра орталық мешіті**

## НҰРА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2011 жылғы 20 шілдедегі № 14/01

**Аудан әкімдігінің кейбір актілерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 40 бабының 2 тармағының 4 тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» Заңының 37 бабының 8 тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес Нұра ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы С.А.Мұқановаға жүктелсін.

**Аудан әкімінің міндеттерінатқарушысы** **Б.Шайжанов**

Қосымша
Аудан әкімдігінің
2011 жылғы «_20_»шілде_________
№ _14/01__қаулысына

**Күші жойылды деп танылатын Нұра ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының тізімі:**

1. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі «Қоғамдық-пайдалы жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы» (Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 мамырда № 8-14-121 тіркелген, 2010 жылғы 12 маусымдағы № 24 аудандық «Нұра» газетінде жарияланған) № 08/05 қаулысы;

2. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы «2011 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» (Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 желтоқсанында № 8-14-135 тіркелген, 2010 жылғы 25 желтоқсанындағы № 53 аудандық «Нұра» газетінде жарияланған) № 27/03 қаулысы;

3. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы «Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 13 қыркүйектегі № 18/12 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 желтоқсанында № 8-14-136 тіркелген, 2010 жылғы 25 желтоқсанындағы № 53 аудандық «Нұра» газетінде жарияланған) № 27/02 қаулысы;

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА НУРИНСКОГО РАЙОНА

№ 14/01 от 20 июля 2011 года
О признании утратившими
силу некоторых постановлений акимата района

В соответствии с подпунктом 4) пункта 2 статьи 40 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года «О нормативных правовых актах» и пункта 8 статьи 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» акимат района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившими силу некоторые постановления акимата Нуринского района согласно приложения.

2. Контроль за исполнением данного постановления возложить на руководителя аппарата акима района Муканову С.А.

**Исполняющий обязанности акима района** **Б.Шайжанов**

Приложение
к постановлению акимата района
«_20_»__июля______2011 года
№ _14/01__

**Перечень некоторых постановлений акимата Нуринского района признанных утратившими силу:**

1. Постановление акимата района № 08/05 от 22 апреля 2010 года «Об определении видов общественно-полезных работ» (зарегистрированное Управлением Юстиции Нуринского района Карагандинской области 28 мая 2010 года за № 8-14-121, опубликованое № 24 районной газеты «Нұра»12 июня 2010 года);

2. Постановление акимата района № 27/03 от 20 декабря 2010 года «Об организации оплачиваемых общественных работ на 2011 год» (зарегистрированное Управлением Юстиции Нуринского района Карагандинской области 24 декабря 2010 года за № 8-14-135, опубликованное в № 53 районной газеты «Нұра» 25 декабря 2010 года);

3. Постановление акимата района № 27/02 от 20 декабря 2010 года «О внесении изменений и дополнений в постановление акимата района от 13 сентября 2010 года № 18/12» (зарегистрированное Управлением Юстиции Нуринского района Карагандинской области 24 декабря 2010 года за № 8-14-136, опубликованое № 53 районной газеты «Нұра» 25 декабря 2010 года).

## Құттықтаймыз!



Кәрім Мынбаев ауылының тұрғыны әкеміз Қайырбеков Аманкен Мұқыжанұлын 66 жасқа және немересі Тамерлан Әсетұлын 1 жасқа толған туған күндерімен құттықтаймыз.
Асқар таудай әкеміздің денсаулығы зор болып, арайлап атқан әр таң жанұясына бақыт әкеліп, балаларының, немерелерінің ортасында күліп-ойнап жүз жасасын!



Аяулы әке, 66 жасқа
толдыңыз,
Бөлек бізге әрқашанда орныңыз.
Қажымаңыз, қартаймаңыз біз барда,
Бақыт сыйлап ортамызда болыңыз.
Тамерланның жасы ұзақ болып,
Атасының шаршағанда саясы.
Өмірінің қуанышын жалғайтын
Қызығы болып өсе берсін!
Қасында әкең менен анаң болсын,
Қашанда жарқыраған заман болсын.
Отбасының базары, думаныңдай,
Бәрінен де Тамерлан аман болсын!

**Игі тілекпен: жұбайы-әжесі Юран, балалары: Тазагүл-Марат, Дәмегүл- Азамат, Дәуіржан, Әсет-Айымгүл, Гүлнар-Марат және немерелері.** № 310, 312



Құрметті ұлым, бауырымыз **Айтуған Шораұлы Сәрсекейді** «Болашақ» колледжін үздік бітіруімен шын жүректен құттықтай отырып, талабыңа нұр жаусын деген ізгі ниетімізді білдіреміз. Алға қойған мақсаттарыңа жетіп, ғылымның биік шыңын бағындыруыңа тілектеспіз. Денің сау, бағың баянды, арманың аяулы болсын! Дос-жаранының ағайын-туыстың мақтаны болып, тек биіктерге самғай бер тілегімізді келесі жыр шумағымен жеткіземіз:

Күліп жет нұр төгілген таңдарыңа
Біз сенеміз биікке самғарыңа
Таудай талап бойдағы мұқалмасын,
Қолың жетсін аққанат арманыңа!

**Ізгі ниетпен: әкең Шора, қарындасың Аяулым, аға-жеңгең Абзал - Самал, апа-жездең Ажар- Нұржан, жиендерің Досым, Мәдина.** № 307

## Поздравляем

**с юбилеем дорогого мужа, папу, дедушку Демиденко Павла Павловича!**



С 60-летием поздравляем
И всяческих благ желаем.
Чтоб ты никогда не болел,
Чтоб ты никогда не старел,
Чтобы вечно ты был молодым,
Мудрым, добрым и нежным таким.
Живи, родной наш, долго-долго
И не считай свои года.
Пусть радость счастья и здоровья
Тебе сопутствуют всегда.

**С поздравлением: жена – Валентина, дети: Павел-Наташа, Женя-Лена, Виталий-Наташа, внуки: Павел, Валера, Оксана, Катя, Егорка** № 313

### АНА ТІЛІМ

Шертілер тіл арқылы жан сырымыз,
Ашылар тіл арқылы сан қырымыз.
Сондықтан, ұғынайық, тілімiздің
Тағдыры-біздің-дағы тағдырымыз!

Осы тілде анам ән салатұғын,
Жаныма әкем берді от жанатұғын.
Ендеше өштеңе де жоя алмайтын
Мәңгі жасай береді – Ана тілім!

### АУЫЛЫМ – МӘҢГІ МАҚТАНАМ

Тарихың бар мені ойларға батырған,
Мен-шағала, сен-көк теңіз шақырған.
Бабалардың көзін көрген киелім,
Ауылым, айналайын атыңнан!

### ӘКЕ-АСҚАР ТАУ

Әке деген-саған жақын жақсы адам,
Таппайсың сен мейірімді басқадан.
Сәбиіне жақсылықты тілеп тұрып,
Дейді оған: Алға, алға бас қадам.

Әке деген-алдыңдағы асқар тау
Күлім қағып, қуаттанып қарсы алған.
Саған артқан оның барлық арманын,
Тырысып сен орындауға жан салман.

**Касенбаев Мейірлан, Ақмешіт ауылы**

**Тойхана «Атамекен»** (район автостанции пос.Киевка) сдает банкетный обновленный зал недорого для проведения мероприятий до 80 человек (қыз ұзату, сүндет той, мерей той, құдалық, ас беру).
Сдаются в долгосрочную аренду шиномонтажный цех с оборудованием, а также морские контейнеры для торговли стройматериалами, автозапчастями и пр.
Обращаться по телефону: 22455, 87015206754. № 283